

Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есеп
«Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімінің
Ақылбай ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
2025 жылға арналған жария талқылауға

1. Жалпы ережелер

1) Қызмет көрсетуші туралы мәліметтер

Білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтер

Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімінің «Ақылбай ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ тарапынан көрсетіледі.

Заңды мекенжайы: Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Ақылбай ауылы, Мамыра Сағитова көшесі, 9-үй.

2) Мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат

Ақылбай ауылының жалпы білім беретін мектебінде білім беру саласында 11 мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

2025 жылы барлығы 48 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Оның ішінде:

- электрондық үкімет порталы арқылы – 12 мемлекеттік қызмет;
- қағаз түрінде – 21 мемлекеттік қызмет;
- қызмет көрсетушінің ақпараттық жүйелері арқылы тікелей байланыссыз электрондық
- түрде – 1;
- қызмет көрсетушінің ақпараттық жүйелері арқылы қызмет алушымен тікелей байланыс және өтінімді қолмен енгізу арқылы электрондық түрде – 14.

Мемлекеттік қызметтер көрсетуден негізді бас тартулар болған жоқ.

Білім беру саласындағы барлық мемлекеттік қызметтер тегін негізде көрсетіледі.

3) Ең сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат

Білім беру саласындағы ең көп сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер:

- Мектепке дейінгі жастағы (6 жасқа дейінгі) балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға жолдау үшін кезекке қою. Құжаттарды қабылдау және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау – **14**;
- Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау – **10**;
- Балаларды жалпы білім беретін оқу орындары арасында ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау – **3**;
- Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалыс беру үшін құжаттарды қабылдау және жолдамалар беру – **3**;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өтуге құжаттарды қабылдау – **1**;
- Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсету – **9**;
- Жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарына құжаттарды қабылдау және қабылдау – **8**.

2. Қызмет алушылармен жұмыс

1) Ақпарат көздері мен ақпаратқа қол жеткізу орындары туралы мәліметтер

Қызмет алушыларға қажетті барлық ақпарат Ақылбай ауылының жалпы білім беретін мектебінің ресми интернет-ресурсында

<https://sc0014.burabay.aqmoedu.kz/content/gosudarstvennye-uslugi-754>□